

КРИСТИНА РОЙ

*ҚҰДАЙСЫЗ
ӨМІРДЕ*



Күдайсыз өмірде 05.017

Кристина Рой

Рой Кристина
Күдайсыз өмірде. Повесть. Словак тілінен аударылған.
Қазақ тілінде, бірінші басылуы, 62 бет.
© 1993 «Шығыс Сәулесі» баспасы, Алматы

Дәл Туылу мерекесінің қарсаңында Рашово деревнясының шаруалары молалардың жанынан өтіп бара жатып, үсіп өлген әйелдің өлігіне тап болды. Бақытсыз әйел сіресіп қалған қолдарымен өзінің өлі кеудесіне қалың көрпеге оралған титімдей, тірі баланы қысып алышты. Нәресте жылап жатыр. Эйелдер де көздеріне жас алды. Еркектер денені қөтеріп алыш, оны старостаның үйіне әкелді.

Староста әйелінің үйінде қонақтар — оның көршілері бар еді. Олар дереу іске кірісті. Біреуі үсіген өлікті шешіндіруге ұмтылды, екіншісі басын ұстап тұрды. Қалғандары сәбимен айналысты.

Үшінші күні өлікті жерледі. Атақты бір бикенің келіні өлгендей қалың топ табыттың соңынан шұбап, еріп отырды.

Нәрестеге не болды дейсің фой? Староста да, сотқа да марқұмның тегінің қайдан екенін білудің сәті түскен жоқ. Шаруалардың арасынан:

— Біздің деревнямыз соншалықты бай емес. Балақанды бағу біздерге қиынға соғады, — деген дауыстар шыға бастады.

Алайда сараңдар бекерге қорықкан еді: старостаның әйелі балақанды өзінде қалдырыды. Рас, әйел оны өз ұлындай тәрбиелеген жоқ, дегенмен, оның өзінше қамын жеді.

Оны Мартын деп атайдын, ал күнделікті тілде

«Мартынко» деп шақыратын. Сонымен ол солай болып, Мартынко да, Мартынко, — деген атпен аталып кетті. Мартынко ешбір бақылаусыз бөлмелерді аралап, жорғалап кететін, құдды бір кішкентай ит сияқты деп айтуға болатын. Ол сәл өсісімен-ақ, үйдегі жақсы көмекшіге айналды. Кез келген істі ол беріле орындайтын: отын әкелу керек пе, немесе шошқаларға қарау керек пе, әлде қаздарды тамақтандыру керек пе — бәрі де тап-түйнақтай жасалатын. Баланы нашар тұрады, — деп айтуға болмайтын: ол үнемі тоқ, әрі киімі де бар еді. Әуеліде ол пештің бұрышында үййектап жүрді, бұл жерге алғашқы түннен бастап-ақ, оны старостаның әйелі тығып қойған еді. Сол бір тұнді бөлмеде оның марқұм анасы мұнымен бірге өткізген болатын. Ол бес жасқа келген кезде оны мал қораға көшірді. Осы жерде ол жеті жыл тұрды.

Оны мектепке жіберген жоқ.

— Мұндай қайыршыға мектептің не керегі бар? Енді осы ғана жетпеп еді. Ол бізге үйде де керек, — дейтін старостаның әйелі көршілеріне.

Мартынко он екіге қарағанда оны причастиеге (христиандық жоралғы — бұл кезде діншіл жанға Құдай шапағаты түседі. — Ред.) дайындалуға пасторға әкелді. Бірақ оны пастор қабылдаған жоқ; өйткені ол оқуды да, тіпті Тәңірге сиынуды да білмейтін.

Сол күзде старостаның әйелі өліп қалды да, староста баланы бақташыға көмекшілікке жіберді.

Қарт малшы Андрей әлсіреген еді, сондықтан малға жалғыз өзі қарай алмайтын, ал Рашово деревнясына тиісті жайылым, өте алыста, нақ орманның қасында болатын. Андрейге мал бағу ауыр бола түсті, ал ол Рашовода көп жыл бойы малшы болып қызмет еткен, сондықтан шаруалардың оны қартайған шағында үнемсіз қалдырығысы келмеді. Міне, енді олар малшыға көмекші тауып берді. Өйткені ол мал қорада өсті, соған орай малға қалай қарауды да біletін.

Алатанда мал қорадағы керней дауысын естіген бойда сиырлар, бұзаулар, тіпті, қойлар дереге бастарын көтеріп, қызу түрде маңырап және мөңіреп Мартынкоға жан жағынан жиналатын. Андрейдің кәрі төбеті Бундаш ұлпілдек жалбыраған қүйріғын шаң көтере, еркелей бұлғап қоятын да, құлағын тікірейтіп, көздері жалт-жұлт етіп, ақыр аяғында, ұзын шыбыртқының сартылы естіліп, жиналған мал айдау жолына шыққанша шыдамсыздана құтетін...

Бундаштың Мартынкомен бірге табынды жықсы баққаны сондай, бір жыл өткен соң Андрей қарт өлген кезде Мартынконың өзін бақташы етіп қойды.

Деревняның арғы жағындағы молалардың жаңында кішкентай лашық жетімсіреп тұратын. Онда тұратын кәрі бойдақ, үйді шаруалар қауымына қалдыруға баяғыда өсиет еткен. Лашықтың жартысы құлап қалған. Тек бүтін қалған бір бөл-

ме мен ас үй ең қасындағы төбеден таяныш ізде-
гендей, оған сүйеніп тұр.

Андрей қарт осы лашықта он алты жыл
тұрды. Ол өлген соң мұнда Мартынко қоныс-
танды. Андрейдің лашығының титімдегі терезе-
лері қалың сабанмен қабатталып, бітеліп тас-
талған еді, сөйтіп, терезелер осы күйінде жыл
бойына тұра беретін. Бірде-бір күн сәулесі ла-
шыққа өтпейтін, оның есесіне сабан қыста
азынаған желден қорғайтын. Иә, Андрейге жа-
рық та керек емес еді! Қыста ол ешқашан үйде
болмайтын: күн ұзағына ол көршілерді кезіп
жүретін. Жазда ол үйге шаршап қайтатын да,
әдетте дереу үйиқтауға жататын.

Алғашқы рет мұнда келгендегі Мартынконың
торығуын жеткізу қиын еді. «Шынымен-ақ,
маған осында тұруға тұра келер ме екен?» — деп
ойлады ол.

Қабырғалардың сылақтары құлап тұр. Бар-
лық жерден құрым мен өрмекшінің торы көрі-
неді. Жерде сабан ыбырсып жатыр. Бірнеше
жыл бойы лашықты ешкімнің жанастырмағаны
байқалады.

«Старостаның мал қорасында тұру жақсы
еді», — деп ойлады балақан. Торыққан күйінде
ол басын қолдарымен ұстап, біршама уақыт бойы
мұңды ойға батып тұрды. Содан соң лашықтың
босағасына отырды да, еңіреп, жылап жіберді.
Алғашқы рет бейшара өзінің жалғыздығын се-
зінді. Нақ осы сұрсыз жеркепе сияқты, бұл да

жарық дүниеде жападан-жалғыз екен! Кенет оның төбесінің үстінен қандай бір кішкентай құстың шықылықтағаны естілді. Мартынко басын көтерді де, ұяны көрді. Қарлығаштар бұл жерге алыс елден ұшып келген де, енді өз үйін жазға дайындал тәртіпке келтіру үшін, оны жинастыруға кіріскең, ал содан соң қарылғаштар көк теңіздің арғы жағындағы жылы өлкеге келесі көктемге дейін қайтадан ұшып кетеді.

«Маған да өз пәтерімді тәртіпке келтіру көрек,» — деп күбірледі бала.

Айтылды іс бітті. Ең алдымен ол терезелерден сабанды суырып алды, бір жерден сыпыртқы тауып, терезені тазалады. Эйнектің аз ғана бөлігі болмаса, көпшілігі сынған. Содан соң Мартынко қабырғалардағы өрмекшінің торларын сыпрып таstadtы. Осы кездे шаң көтерілгені сондай, балақан сәл ғана тұншықпай қалды. Эр күні өrістен оралғанда Мартын өз баспанасын жақсартып, тәртіпке келтіруге тырысатын болды.

Старостаның эйелінің саз илеп, қабырғалардың саңылауларын бітегенін бала талай рет көрген болатын. Енді ол бұл жұмысқа өз үйінде кірісті. Жақыннан өтіп бара жатқан қабіршінің эйелі жұмыс үстіндегі Мартынконы көріп, ақжарқын жымиды, тоқтай қалып, оны мақтап қойды да, ары қарай кетті. Келесі күні өrістен оралған Мартынко таңқалғаны сондай, мелшиіп, қатып қалды. Бөлме мен ас үйдің қабырғалары сыланып қана қоймай, ақталыпты да, еден де

тәртіпке келтіріліп, жаңа құм себіліп тасталыпты.

Бұл кезде қабіршінің әйелі өзінің құрбыларына ол жасаған ізгілікті іс жөнінде әңгімелеп берді: баланың әрекетінің оларға ұнағаны сондай, әйелдер бірігіп, күш жұмсап Мартынконың үйшігін сыртынан сылады. Еркектер де олардан қалысқысы келмей, үйдің төбесіне кірісті. Жаңа әйнек сатып алынып, терезе қойылды. Қабірші сау кезінде жақсы ұсталық ететін. Ол Мартынконың столын және алқам-салқамы шыққан керуетті жөндеп, жаңа отырғыш та жасап берді. Староста бір байлам жас сабан экелді.

— Бәрекелде, Мартынко, енді сенің үйленуіңе де болады! — деді еркектер жамырай сөйлеп.

Міне, сөйтіп, балақан ортақ күшпен орналасып та болды. Өзінің енді жеке үйі бар. Бәрін тәртіпке келтіріп, үймен айналысады ол қаншалық сүйеді десенші! Бірақ Мартынко, дегенмен, өрісте, орманда, еркіндікте қалуды бәрінен жақсы ұнататын. Иә, ол жерде тыныс алу да қандай жақсы! Ол қандай болмасын сұрғылт тасқа шығып, сол жерден бүкіл табынды бақылайтын. Қалай десен де, өз әскерінің патшасы болатын.

Одан сол жақта ит тұмсығы батпайтын шырша, шамшат және қайыңды орманы бойлай өскен құлама таулар асқақтайды. Жел болар болмас соққаннан-ақ ауада шыршаның тәтті қош иісі аңқып қоя береді. Күзде ағаштар жалаңаштанған кезде шыршалар жапырақ жасауын жоқтап, қаралы әнмен сыңсиды. Таудың етегінде гүл себіл-

ген кілемге ұқсап, жазық созылып жатыр. Ұсақ жылғалар күміс тұсті оюланған оқа құсап, жасыл кілемді бойлап, бұраңдай агады. Оң жақта орман сүрлеуі көлбендейді.

Ерте көктемде бүтіндей гүл көмкерген, ал жаз бен күзде қып-қызыл жиدهтері көз арабан бұл жер қандай тамаша! Мартынко қандай өсімдіктің улы екенін керемет ажырататын. Бұған оны Андрей қарт үйреткен еді.

Осы көріністің бәрін алтын күннің шұғыласымен жапқаны қандай сұлу! Мартынко сол кезде жарық дүниедегінің бәрін ұмытатын. Мал тыныш жайылып жатқанда ол шыбықтан әр түрлі зат тоқумен болды. Ол үйге құр қол қайтпайтын, әйелдер оған аз төлегендерімен, оның заттарын сатып алыш кететін, дегенмен, Мартынкоға аздап қор жинаудың сәті тұсті. «Кім біледі бұл да бірдеңеге жарап қалар, дейтін ол өз-өзіне жиі, — өйткені нанымды өзім табуға тиіспін фой».

Өзінің өрмесін өру үстінде дүниенің сұлулығын тамашалай отырып, ол өз-өзінен: Үнемі осылай болып па еді, ал егер бұлай болмаса, мұны кім жасады? Сиынғанда шақыратын старостаның Құдайы ма, немесе біреу-міреу өлгендे: Құдай рақымды, оны Өзіне алады, — деп әйелдер айтатын Құдай ма?»

«Сол Құдай қайда? Ал сонда Ол Өзіне алтын адамдар қайда? Сондай-ақ ол менің анамды да өзіне алды ма? Егер оның бәрін жасағаны рас

болса, ол өте қайырымды әрі ақылды болуы керек. Бәрі қалай тамаша құрылған: бір өсімдік тағамға жаратылады, екіншісі дәрі ретінде пайдаланылады! Қөлеңкені сүйетіні бұтаның түбінде өседі. Ал күнді сүйетіні жазықта өседі. Орман әрбір жаңбырдан кейін қалай жаңарады десеңші! Бірақ үнемі жауатын жаңбыр жақсы емес, соңдықтан ол жел жіберіп, күн қөзін тағы да аспанда көрінуін мәжбүр етеді. Егер оның бәрін жасайтыны рас болса Ол қандай Ұлы әрі Данышпан Ие!».

Қызық, ал өлгендер өмір сүретін, сол жақ та осындағыдай жақсы ма еken? Старостаның әйелі өлген кезде оның қолына тыын салып: «Жолақыға», — деген еді. Ол не жолақы? Шынымен-ақ, біздің жермен өлгендер тұратын жердің арасында қандай бір теңіз бар ма? Ал ол теңізден кім өткізеді? Әйелі өлген соң старостаның үйінде, өлген адамның жаны тыныштық табуы үшін тұтас бір апта бойы жұмыс істемеді. Содан соң нан пісіре бастады. Жаңа пісірлген нанның иісі үй ішін толтырған кезде жан өзіне тыным табады. Ал жан неліктен онда бірден тыным таппайды? Әлде онда, Құдайдың жанында мұндағыдай жақсы емес пе? Иә, адамдар неге өледі еken?»

Осындағы ойлар баланы билеп алды. Осының бәрін ол біреу-міреуден сұрап еді, бірақ ешкім болған жоқ.

Көктемде, бәрі үшін күтпеген жерден ста-

роста өлді. Соңғы уақытта ол ішкілікке салынып кетіп еді, сондықтан оның миына қан құйылып өлді. Енді Мартынко оны еске алмайтын бірде-бір күн болмады. Ол үнемі: «Қазір староста қайда? Ол Құдайды көре ме? Құдайдың Өзі қандай?» — деп ойлайтын.

Бірде кішкентай себет тоқумен айналысып, жартаста отырып, жас бақташы көзқарасын аспанға аударып, былай деп үн қатты:

— Құдайым, мен Сен туралы ештеңе білмей-мін! Тәңірім, мен өлгеннен соң, Сен адамдарды жіберетін сол бір ел жөнінде мениң бірденені білу-ім үшін бәрін жасай аласың! Сол жерде барлық адамдар, қайырымдылар мен зұлымдар да бірге ме екен?

Мартынко өзінің Оны шақырғанын Тәңірдің есіткеніне терең сенімді еді. Бұл сенімділік оны өте тыныштандыратын, сондықтан ол тағы да себетін тоқуға кірісті. Кенет ол жалынышты маңырауды естіді. Мартынко дереу атып тұрып, жалынышты дыбыс шыққан бағытқа жүгіре жөнелді. Бундаш та онымен бірге жүгірді. Бірін-бірі қуалай отырып, олар құламаға дейін барды да, сол жерде Мартынко шомырт тікенді бұталардың арасында қыстырылып қалған өзінің сүйікті қара-ала қойын көрді. Байғұс қой сол жерге құз жартастан құлапты.

«Ой, бейшара! Сені қалай жоғары шығармыз? Тастан болса ылғал әрі тайфақ қой», — деп пайымдады өзінше Мартынко.

Оған төмөнгө қиындықпен тұсуге тура келді, ал қоймен бірге жоғары көтерілу одан да қиын еді. Мұның есесіне, істің сәті түскеніне ол қуанышты еді! Ол қойды иығына салып, алып жүрді. Оны аялай сипап, әрі аңқаусыздығы үшін сөге жүріп, осы қойды табынға дейін жеткізді. Құтқарылған қой қуана секіріп, басқалармен бірге жайылуға кіріstі.

Түстің шағында балақан отарды суатқа апарды, сол жерде ол саңырауқұлақ теруге шыққан әйелдерге кездесіп, оларға өзімен болған жайды айтып берді. — Мартынко, — деді олардың біреуі, — сен жүз қойы бар малшы туралы айтылғанды істедің, сонда сол қойлардың біреуі жоғалғанда малшы тоқсан тоғызын шөлде қалдырып, жоғалған бір қойды іздеуге шығады. — Сонымен ол қойды тапты ма? — Иә, ол қойды тапты. Иығына салып, үйіне әкелді. Оның қатты қуанғаны сондай, ол өзімен бірге қуанышын бөлісуге бүкіл көршілерін шақырды.

Мартынкоға әйелдің әңгімесі өте-мөте ұнады. — Ол малшы қайда және ол қайда тұрады. — Мұны мен білмеймін. Иса Мәсіх бұл оқиғаны Θз шәкірттеріне айтып берген. — Ал Иса Мәсіх деген кім? — Ой, Мартынко, сен қандай ақылсызсың! — деп күле ұн қатты басқа әйелдер. — Оған күлмендер, — деп жақтады Мартынды әлгі әйел. — Байғұс баланың оған мұны түсіндіріп беретін ешкімі жоқ, ал ол мектепке бармайды. Білесің бе, Мартынко, Иса

Мәсіх — бұл Құдай Ұлы. Жарайды, сау бол, біздің жүруіміз керек!

Әйелдер ұзай берді. Бала өзін, әйелдер оны құлкі қылғанын ұмытып кетті. Құдай туралы бірдене біліп қалдым деген ой оны қуантты. Иса Мәсіх — деп аталатын, ізгі Ұстаз болғанын білді. Мартынкоға «Иса» — деген есім бәрінен ұнады. Сөйтіп, сол Иса Құдай Ұлы екен гой. Сол Иса, шамасы, малшы болған болса керек. Мүмкін, Оның нақ жүз қойы болған. Егер Құдайдың өрісі болса, оның орманы да болуы керек. Демек, Құдайға мұлде жақсы болған!

Үйге қайтып келе жатып, Мартынко әлсін-әлсін аспанға қарап, өзінше: «Мүмкін, Құдай Ұлы, Иса да өрістен үйге қойларын айдал жүрген шығар. Өйткені, Тәңірім Құдай қойлар жөнінде айтады! Ол қой бағады. Ол мені көре ме екен? Егер Оның мені өзіне көмекшілікке алғысы келетінін білсем, менің өлгім келер еді. Ең болмағанда, Құдайдың жанында не болып жатқанын өзім білген болар едім,» — деп ойлады.

Келесі күні ертеңгісін Мартынко жаны жадырап, қандай бір қуанышпен оянды. Ол ерекше ыждағатпен жуынып, таранды, киінді. Қабіршінің әйелі оған сиырын айдал әкелген кезде Мартынко әйелге кенет: — Апатаі, айтыңызшы маған, өтінемін сізден, біздің не жасағанымызды Құдай көріп тұра ма? — деп сауал таstadtы.

Қабіршінің әйелінің жүзі мұңды еді. Ол әлгін-

де ғана қүйеуімен жанжалдасып қалған болатын, тіпті ол әйелін ұрған да еді. — Иә, қымбаттым, Құдай бәрін көреді, егер сен бір зұлымдық істесең, ол сені жазалайды, — деп құңқ етіп жауап берді. — Апатай, енді мен ешқандай онбағандық істемеймін, — деп сендірді бозбала, тағы: — Сау болыңыз! — деді. — Құдай жар болсын, — деді әйел. — Апатай, — деп бұрылып тағы сұрады Мартынко, — сондай-ақ бізді Оның Ұлы да көріп тұр ма? — Қандай Ұл? — Исаны айтамын. — Иса Мәсіх Тәніріміз бе? Иә, әрине. Жарайды, енді Құдай жар болсын!

Мартынко өріске аттанып кетті, бірақ бұкіл жол бойында ол жалғыз емес, өзімен бірге Иса, Құдай Ұлы бірге жүріп келе жатқандай көрінді. «Ол онда жоғарыда, ал мен мұнда төмендемін», — деп пайымдады Мартынко.

Осы күннен бастап, балақан бұрынғысындағы өз малын балағаттауды қойды; өйткені егер мұны Иса Мәсіх көріп тұрса, онда ол сөзін де естиді ғой.

Осылай тұтас апта өтті. Мартынконың жаны жадыраңқы және қуанышты еді. Сенбі күні табынмен үйге қайтып келе жатып, ол қоңыраудың кешкі сыңғырын естіді. Бұл мерекелік сыңғыр бұкіл аңғарды кернеп еді. «Қоңырау адамдарға ертең жексенбі екенін хабарлап жатыр, — деп ойлады өзінше Мартынко. — Адамдар ертең шіркеуге барады. Бірақ олар онда не істейді екен?»

Мартынко шіркеуде әлі ешқашан болған жоқ.

Старостаның әйелін жерлеген кездे ол аула-да, шіркеу қоршауының жаңында қайыршы-лармен бірге отырған болатын. Рес, шіркеу әні мен органның сыйбысы бұған естіліп тұрды. Пастор уағызының сөздері де баланың құлағы-на жетті, бірақ бала аулаға тұрып, пастордың не айтқанын түсіне алмады. Қыста старостаның әйелі әлі тірі кезде, ол шіркеуге баруға жиналған еді, бірақ әйел бұған: — Сен ол жерде не істейсің? Оқи да, жаза да білмейсің, оның үсті-не, онды киімің де жоқ. Сен сияқтылар тек басқалардың қадірін кетіреді, — деді.

Жазда болса, балақан өзі қарайтын малдан шығып кете алмайтын. Сонымен, шіркеуде болу-дың оған сәті түскен жоқ.

«Адамдар неліктен шіркеуге барады? Олар Құдаймен сөйлесе ме, немесе сол жерде Ол туралы және Иса жайында әңгімелесе ме? Ша-масы осылай шығар, ал маған онда баруға мүмкіндік жоқ».

Мартынко бұл құні кешкі асты ішкісі келмеді, тіпті балаға еркелеген Бундаш та оны жұбата алмады.

Мартынконың жүргегін мұң торлады, оның орманның ішіне, алысқа-алысқа тағы жүгіргісі, немесе өзінің өлген анасының жаңына барғысы келді. Міне, ол қорымдағы анасына барып келу-ге кетті. Ол анасының қабіріне көбіне гүл апара-тын. Ол қабір басында ұзақ отырып: «Анам

қайда кетті? Оған ол жерде жақсы ма екен?» — деп ойлайтын.

Бүгін бала гүл әкелген жоқ, ол қабірде өсіп тұрған гүлдерді ашы көз жасымен сулады. — Қымбатты, сүйікті апам, шынымен-ақ Құдай-дың жанында сені де осындағы мен сияқты үйсіз болғандықтан шіркеуге жібермей ме? Менің бейшара болған апам!

Балаға таяу жерде қабірші қабір қазып жатыр екен. Ол баланың жылағанын естіп, Мартынконы таныңды да, оның қасына келді. — Мартынко сен жылап отырсың ба? Саған не болды? — деп сұрады ол жанашырлықпен.

Бала оған өз қайғысын мәлім етті, бірақ қабірші оны түсінген жоқ. Қабірші әрбір аптада шіркеуге барып, Құдай және Құдай Ұлы тұралы көп естігенімен, өзі Құдай жөнінде ешқашан да ойламайтын. — Жылама, — деді ол балаға. — Шынымен-ақ, сені осындаі надан етіп қалдырығаны таңқаларлық. Бірақ сениң айтып тұрғаның дұрыс емес. Сен біздің бүкіл деревняның малшысысың, айтып тұрғаныңдай мұлде үйсіз емессің. Сен басқа бозбалалармен бірге деревнядағы хорда тұруға толық хақылысың, ал ол жерден сені ешкім де қуып жібере алмайды. — Ағай менің ең болмаса, жақсы киімім де жоқ қой. — Эрине, жазда саған шіркеуге баруға болмайды, өйткені малды қалай тастап кете аласың, жарайды, ал күзде бұл басқа әңгіме. Саған қауым жаңа киім сатып әпереді, сонда сениң әр

апта сайын шіркеуге баруыңа болады. — Мен онда не істеуім керек? Ағай, сізден өтінемін, шіркеуде не істейтіндеріңізді маған айтып беріңізші! — Біз онда ән шырқаймыз, қымбаттым. Сен ән шырқай алмайсың, өйткені сен кітап оқи алмайсың, бірақ пастордың мезбақтан не айтқанын тыңдай аласың. Сөздерді қайталап, онымен бірге сиынасың, әрі оның уағызын тыңдай аласың. — Уағыз деген не? — Жоқ, сениң мұлде түсінігің жоқ екен! Білесің бе, не істеу керектігін бізге пастор үйретеді. — Ал мен, ол сіздерге Құдай жөнінде әңгімелеп береді, — деп ойлайтынмын. — Мен де осыны айтып тұрмын ғой. Ол бізге Құдай жөнінде, Иса Мәсіх жайында уақытқа сәйкес әңгімелеп береді. Туылу күнінде Иса Тәңірдің туылуы жөнінде айтады. Құштарлық аптасында оның адамдардан азапты қалай көп қабылдағанын, өлімге үкім шығарып, еврейлердің оны қалай байлағанын, ол өлеңтін айқыш ағашқа шегеленгенін әңгімелейді. Құтқарылу мейрамында оның өзі өлген соң, үшінші күні қалай тірілгені туралы тыңдаймыз... Жарайды, тұра тұр, балақан, саған бола мен қазып жатқан қабірді ұмытып кете жаздадым! — Ағатай, мен сізге көмектесемін, тек Құдайдың құрметі үшін еврейлердің Мәсіхті қалай көргенін айтыңызшы? — Жерге жат, мұны олардың қалай жасағанын саған көрсетейін! Шамаң келгенше қолыңды соз. Жарайды, міне, қара: Оның аяғы мен қолының мына жеріне шеге қағылды, сөйтіп,

ол осылай, өлгенше айқыш ағашта асылып тұрды.

Мартынко атып тұрды. — Бірақ ол ауырады рой! Олар Оны неліктен азаптады, Ол оларға не істеп еді? Элде Ол жауыздық жасап, оларға көп қастық келтірді ме? — Ол ешкімге ешқашан да қастық жасаған жоқ. Одан ешкім бірде-бір жаман сөз естіген жоқ. Ол тек қана қайырымдыштық істер жасады. Адамдар Оған алыстан келетін. Олар өздерімен бірге ауру адамдарды әкелетін де, ал Ол сауықтырып жіберетін. Оның үстіне Ол адамдарға олардың қалай өмір сүріп, Құдайға қызмет ету керек екендігін үйретті. Олар Оны шындықты естігісі келмегендіктен өлтірді. — Иә, бұл олардың тарапынан неткен жауыздық! — Иә, әрине, бұл жауыздық. Ол адамдар арасындағы бақташы еді. Сен өз малыңды қалай алып жүретін болсаң, сондай-ақ Ол да адамдарды өмірге Құдай Сөзі бойынша бағыттады... Сөйтіп, адамдар Оны өлтіріп таstadtы.

Қабірші үндемей қалды, ол Мәсіх туралы бұдан әрі айта алмайтын еді. Оның жүрегін ғаламат мұң торлады. Оған ұлы жарылқаушылық жасаған, өзі мұлде ұмытқан жақсы досын еске салған құсап көрінді. Ол бір кездे әкесі өзіне қалдырған бүкіл Киелі кітапты оқып шыққан болатын. Мектепте ол Киелі кітаптың әңгімелерін оқып үйренді. Сонымен бірге ол шіркеуге барып тұрды да, Мәсіх жолын қуушылар Мәсіх туралы не білуге тиіс болса, соның

бәрін білді, бірақ Ол жөнінде ешқашан да ойланбаған болатын. Аспандағы Иені ол мұлде ұмытқан еді, қазір Мартынко осы жайында оның есіне салды.

Қабір қазылып болған кезде әрқайсысы өз жолымен кетті. Бұл түні Мартынко кірпік ілген жоқ: ол көзін жұма алмады.

Ол үнемі Мәсіх туралы, оның қайырымдылығы туралы ойлаумен болды.

«Ол — Құдай Ұлы, демек, Оны Құдай жіберген. Ол Құдай туралы ештеңе білмейтіндерді үйретті. Ол әйгілі дәрігер еді, сондықтан адамдарға шөптің емдік күшін пайдалануды үйретті. Ол Өзінің Экесі істейтіннің бәрін білді, сондықтан адамдар да Ол арқылы сауығуға ие болды. Бірақ адамдар Оны қалайша сұмдық қорлап өлтірді!»

Мартынко маужырай бастады.

Осы кезде қоңырау сыңғыры естілді, енді тұрып, табынмен бірге өріске шығу керек. «Басқалар шіркеуге Құдай туралы тыңдауға барады, ал мен орманға барып, ештеңе естімеуім керек. Мен не үшін өмір сүремін? Жападан жалғыз! Құдайсыз!»

Шаруа әйелдері Мартынконың жылаған, әрі мұңды жүзін байқады. Олар одан не болғанын сұрап еді, бірақ бала үнде меді.

Бұл күні Мартынко өз табынын орманға айдаған жоқ. Ол табынды Брецовқа кететін жолдың бойындағы бұлақтың жанына жайды. Ол өзінің нанын да жеп бітіре алмады, қалған

бөлікті Бундаш және өзінің жақсы көретін қойы Берушкаға бөліп берді. Осы сэтте балақан өзіне біреудің жақындап қалғанын көрді. Жолаушы қалаша жейде киген жас жігіт екен. Қолына ол қол шатыр ұстап, иығына жол қапшығын асыра асып алышты. — Сәлем, малшы бала! Осы жолмен мен мен Рашова деревнясына дейін жете аламын ба? — деп айқайлады жолаушы алыстан.

Мартынко қалпағын шешті де: — Иә, бұл жермен өтуге болады, тек бұлақты жағалап жүріңіз, өйткені сәлден соң жол екіге айырылып кетеді, — деді.

Жолаушы жымиып қойды. Оған жүзі қүнге күйген және үлкен қара көзі әдемі малшы бала ұнап қалған еді. — Шынымен, сенің бұл жерде жалғыз отыруға ішің пыспай ма? — деп сұрады ол жайдары. — Маған мұнда тек жексенбі қүні көңілсіз, өйткені бәрі шіркеуге кетеді де, мен мал бағуға тиісті боламын. — Бұған қайғырма: көптеген адамдар мұлде бос болса да, бәрі-бір шіркеуге барғысы келмейді. — Ал сіз қайда барасыз? — Қазір Рашоваға барамын, ал содан соң жарық дүниені саяхаттауға шығамын. — Ал сізге саяхаттың не керегі бар? — Білесің бе, кейіннен оларға тәлім беру үшін адамдарды барынша біліп, олардың өмірін зерттегім келеді. Мен діни қызметкері болып шығамын. Оларды Құдай заңына үйреткім келеді. — Демек, сіз басқаларға уағыз айтады екенсіз фой? — деп қуана үн қатты Мартынко. — Шамасы, сізге Құдай туралы, Мәсіх

туралы көп әңгімелеген шығар? Сіз Ол жөніндегінің бәрін естіген боларсыз. Мархабат, қазір маған уағыз айтыңызыш! Мен бұл үшін өте алғыс айтар едім! — Жарайды, жақсы! Тек ең алдымен маған айтып бер, Мәсіх туралы сен не білесің?

Бала оған әйелдер мен қабіршіден естігенінің бәрін әңгімелеп берді.

Жолаушы таңқала үн қатты: — Иә, сен Құдайсыз, Мәсіхсіз жүр екенсің фой! Сен ештеңе білмей тұрғанда мен саған қалай уығыз айтып, Мәсіхтің білімін түсіндіре аламын?

Осы кездे ала сиырдың мүйізі екінші сиырдың мүйізімен түйісіп қалды да, Мартынко оларды айырып жіберуге жүргірді. Ол қайтып келген кезде жолаушыны ағаш түбіріне отырып, кітап оқыған күйінде тапты. Бала оның аяғының жанына отырып, уағыздың басталуын шыдамсыздана күтті.

— Қара, — деді жолаушы. — Бұл кітап біздің Тәңіріміз — Иса Мәсіхтің Інжілі, — деп аталады. Бұл кітапта Иса Мәсіхтің не істегені, Оның неге үйреткені жазылған.

— Ал мұнда Иса Мәсіхтің қалай азап шеккені айтыла ма?

— Иә, кітаптың соңында бұл жайында айтылады.

— Маған оқып беріңізші!

Жолаушының өзі осы ойға елігіп кетті. Осы бір мерекелік таңертеңгіліктің қасиетті тыныштығында оқып отырғанының өзі жолаушыға бір

жағынан жаңалық құсап көрінді. Ол Иса Мәсіхтің Гефсиман бағында қалай сиынғаны, Оны алуға қалай келгендерін, Иуданың Оны қалай сатып кеткені, Оны қалай апарғандарын, бәрінің Оны қалай қалдырып кеткені, жауыз, екіжүзді дінбашыларының Оның өлімін қалай талап еткені және Оны ұрып соғып, Оны қалай балағаттағанын оқыды. Содан соң Оны Пилатқа, Пилаттан Иродқа апарғанда, Оның ешбір күнәсіз екенін білсе де, Пилат Оны өлім жазасына бүйірді. Эскерлер болса, келеке етіп, Оған қызылы мауыты кигізіп, Оның басына тікенек тәж кигізді. Қан оның бетін жауып, ғаламат азаптан Ол, Оны тануға қыын болатында өзгеріп кетті. Осында қинаулардан кейін оны Голгафқа апарды. Әлсіреген Ол, Өз айқыш ағашын Өзі алып жүре алмады. Сол кезде олар айқыш ағашты Симон деген бір Киринейлікке тапсырды. Осының бәрі Оны айқыш ағашқа шегелеумен аяқталды, бірақ оның азабы жалғаса берді. Құн Оның жарақаттарын күйдіріп, олардан қан ақты. Оны ғаламат шөл қинады, сонда Оған сірке сүйн ішуге берді. Өзін азаптаушылар үшін сиынып, Ол үш сағат бойы асылып тұрды. Айқыш ағаштың жанында сезімнен айырылып дерлік Оның анасы тұрды. Ол анасы үшін де жұбатарлық сөз тапты. Тәубеге келген қарақшыны Ол Аспан Патшалығына қабылдайды. Ақыр аяғында, азап шегу ең шырқау шегінде болған кезде де Оның маңайындағы топ халық Оны қорлауын тоқтатпады, Ол болса:

«Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз таstadtың?» — деп айқайлады да, басын салбыратып, жанын берді.

Одан әрі жолаушы Аримафейден шыққан Жүсіп пен Никодимнің Исаның денесін жерлеп, Ұлken тасты табыттың аузына аударып тастанын оқыды. Иудейлер — шәкірттері Исаның денесін алғып кетеді, — деп қорқып, табыттың аузына құзет қойды.

Бұдан әрі жолаушы оқи алмады, өйткені Мартынко жерге жата қалып, қатты еңіреп жылады. Құдай Ұлының мұның құтқарылуы үшін азап шеккенін бала бүкіл жүргегімен сезінген еді. Балаға қарай отырып, жолаушының да жылағысы келді.

Ол Құтқарушының тартқан азабы туралы көп оқыған болатын, солай болса да, оның басына өз күнәсіне орай тәубеге келу туралы ой кіріп шықпапты. Өйткені ол да Мәсіхтің азабы үшін күнәлі фой. Біршама уақыт өткен соң, баланы тыныштандыру үшін, әрі қарай оқи бастады...

Қоштасарда болашақ діни қызметкер Мартынкоға: — Егер сен оқи білетін болсан, Інжілді сыйға тартар едім, — деді.

Бұл сөз Мартынконы күйзелтті. Оның баяғыда-ақ оқығысы келетін, сондықтан ол дереу тізесімен жүгіне қалды да, қолдарын аспанға қарай жайып, жалбарына бастады:

— Тәңірім, менің қандай сауатсыз екенімді сен білесің фой! Мені оқуға үйреткен жоқ, ал

мені мектепке алмайды: бұл үшін мен тым үлкен-мін. Тәңірім, Сенен өтінемін, мені оқуға үйрететін қайырымды адамды маған жібер. Менің Сен туралы бәрін білгім келеді!

Мартынко — Тәңір өзінің өтінішін естіді және мұны орындауды кідіртпес, — деп қатты сенді. Эрине, өтінішінің қашан орындалатынын бала білмеді. Ол қарапайым ғана сенді, әрі осы сенімнен оның жаны жадырай тұсті. «Мен де бір кезде Иса Мәсіх Тәңірдің Інжілін оқитын боламын. Бір кезде оқимын!»

Бейсенбі күні кешкісін Мартынко үйге келіп, күзетшінің әйеліне балапандарға арнап жасаған себетті апарды. Ол онда басқа әйелді жолықтырды, ол әйел Брецов жесірінің өлімі туралы әңгімелеп отыр екен. Бәрі оның ұлы Яшконы аяп, біреу-міреу оны өзіне қаз бағуға алуы тиіс, — деп үйғарды. Эйтпесе, оған қайыр сұрауға тұра келер еді.

Мартынко баланы аяды. Оны да Мартынконың сыбағасына тиген тағдыр күтіп тұрғой. Қайыр сұрау немесе қаз бағу, сөйтіп, ол мектепте үйренгеннің бәрін мұлде ұмыттып қалу деген сөз! «Ол да мен сияқты надан болады», — деп мұндана ойланды Мартынко.

Яшко туралы ой оған тыным бермеді. Сөйтіп, ол бірде бүкіл таза киімін киіп, старостаға кетті. Старостаның әйелі аулада тұр екен. Мартынконы көріп, ол: — Сен жақсы киініп алышсыңғой, Мартынко? Өзінің қызы айттыруынды бізге

хабарламақшы болып келдің бе? — деп айқайлады. — Жоқ, апатай, мен старостаға жұмыспен келдім. Ол үйде ме? — Онда сенің қандай жұмысың бар? Юрий, — деп шақырды ол ас үйде отырған күйеуін, мұнда кел! Мартынко келді.

Староста Мартынконы үйге шақырды. — Сәлем, Мартынко, отыр. Сонымен, маған қандай жақсылық айтасың? — Мен Яшконы не істейтіндерінді білгім келіп еді. — Міне, оның неге мазасызданғаны! — деп таңқалды староста. — Біз оны саған қамқорлыққа береміз, — деп күліп жауап берді ол балаға. — Сен осы ісіңмен өзінді бағып отырған қауымға алғыс айтасың.

Мартынко құлағына дейін қызыарып кетті. — Сіз шамалап отырсыз, ағатай, мен сол үшін келдім. Мен сізден Яшконы маған беруінізді сұраймын. Жалынамын сізден, оны қайыр сұрауға немесе қаз бағуға жібермеңіз, оны маған тапсырыңыз!

Старостаның әйелі әңгіменің не туралы екенін біліп, ашуланды. — Ақымақ балақай! Ол біздің екі бақташы ұстағанымызды қалайды! Көрдің қандай көмекшіні қалағанын! — Жоқ, мен мұлде басқаны сұрап тұрмын, — деп ақталды Мартынко. — Мен себет пен сыпыртқы жасап, шамалы ақша таптым және әлі де табам ба, — деген ойым бар. Ал содан соң, Құдайдың бізге тамақтық қаржы жіберіп, жалғыз тастамайтынына да сенемін.

Староста әйелімен бірге, Мартынконың көзін

жеткіземін, — деп бекер әуреленді. Олар оған алда тұрған ауыртпалық туралы айтты, тіпті аштықтан болатын өлім туралы болжам айтты, бірақ ештеңе әсер етпеді. Мартынко өз айтқанынан қайтпай, олардан өтініп сұрай берді. Ақыр аяғында, старостаны баланың бірбеткейлігі ашуландырды да, ол баланы қуып жіберіп, ең алдымен оған жақсылап үйиқтап алуға қеңес берді.

Мартынконың Яшконы өзіне алғысы келетіндігі туралы хабар көп кешікпей бүкіл деревняға мәлім болды. Эйелдер ашуланып, балаға Ұрысты, оның басынан ақымақтық ойды шығару үшін нанды азырақ бермекке келісті. Тіпті ол өте менменсініп кеткен еken!

Бірақ бұл көмектесе алды ма? Мартынко күн сайын старостаға баруын жалғастырып, оны сол бір іспен мазалай берді. Сөйтіп, ол өз айтқанына қол жеткізді. Оған Яшконы берді.

Осы күні Мартынко өзін қандай бақытты сезінді десеңші! Ол ешуақытта мұндаі бақытты болып көрмеген еді. Мартынко қабіршінің эйелінен қоларба сұрап алып, сол арбамен Яшконы әкелу үшін барды. Ұлына марқұм анасының бар қалдырғаны: сандық, толық ішкім, үлкен көрпе, отырғыш, стол мен сынған орындық еken; осының бәрін қауым сатып, түскен ақшаны эйелдер жерлеуге жұмсапты. Рас, жерлеуден он гульден артық қалды, оны бала өскенде керек болар, — деп қауым оны сақтап қоюға ұйғарды: бала өскенде оқуына керек болар.

Әйелдер Яшконы уақытша паналатқан үйге жиналды. Олардың кейбіреулері арба сұйреткен Мартынконы көріп, құліп жатыр. — О, байғұс! Олардың тағдырлары да ұқсас! Иә, бақытсызықта да жолдас бола біліндер!

Әйелдер Мартынкоға келіп, оның арбасына ішкимі мен баланың киіміне арналған кішкентай сандықты салды. Содан соң кішкентай көрпеге екі жастықты түйіншек қылып, орап, оны да арбаға тықты. Бұдан кейін де әр түрлі заттар, одан соң жейтін бірденелер: сәбіз, пияз бен картоп шықты — Аннаның өлімінен кейін қалғаны осылар еді.

Екі бала арбаға жегіліп, оны деревнямен алып жүрді.

— Байқа, Яшко, өзіңнің жаңа апайыңды жақсы тыңда! — деп күліп, жас келіншектер олардың соңынан айқайлады.

Жол бойында балалар бірде-бір үн қатқан жоқ. Тек дәл үйдің алдында олар бір-біріне қарады. Яшко еніреп жіберді, Мартынко да онымен бірге жылай бастады. — Жылама, Яшко! — деп жұбатты ол оны көз жасына булыға. — Ештеңеден де қорықпа, бізге жақсы болады. Тек бір-бірімізді жақсы көретін болайық.

Яшко жылауын тоқтатты. Балалар арбаның жүгін түсіріп, заттарды үйге кіргізді. Арбаны қайтадан қабіршінің үйіне апарып тастады. Қабірші әйелінен жасырып, балаларға нанның үлкен бөлігін кесіп берді. Әйелі болса, одан жасырып,

Яшкоға әр түрлі тамақ салынған түйіншектер тыққыштады.

Үйге келгеннен кейін балалар кешкі асқа әбден тойды. Ұмырт тұсті. Мартынко төсек дайындауға кірісті. Яшко сандықты ашты. Шаруа әйелдері мұнда анасынан мұраға қалған ақжайма мен дастарханды салыпты. — Мұнда кітаптарды жинаімсыз, — деді Яшко столды көрсетіп. — Жоқ, кітаптар анау жерде, бұрышта тұруға тиісті. Тек менде кітаптар жоқ. Егер мен оқи білмесем, оның үстіне, олар маған несіне керек, — деп мұнды түрде үн қатты Мартынко. — Сондықтан да мен сені өзіме алдым, — деп жалғастырды сөзін ол, — сенің қызметке бармауың үшін сөйттім. Сен ол кезде мектепте үйренгеніңнің бәрін ұмыттып қалатыныңды мен білемін. Мен сенің оқуыңды жалғастырғаныңды қалаймын, Яшко. Сол кезде сен өзің Құдай туралы, Құдай Ұлының біз үшін қалай өлгенін және Оның жер бетіне тағы да қайтадан келетінін оқи аласың. — Міне қазір де оқи аламын, — деп мақтанды Яшко. Оған Мартынко сияқты осындағы ұлken баланың әлі оқи алмайтыны өте таңқаларлық болып көрінді. — Менің анам аурып жатқанда мен оған нақ сол Мәсіхтің табыттан қалай тұрып кететін жерін оқыдым. Бізде едәуір көп кітап болды. Осыны айтып, Яшко өзінің сандығын ақтарып, одан бір бума кітап шығарып, байламын шешті де, столдың үстіне қатарластырып қоя бастады. Мұнда оқуға арналған әліппе, мұлде жаңа киелі тарих —

марқұм анасының соңғы сыйлышы бар еді. Содан соң балақай жырлар қалың кітабын, дүғалық кітабын, түте-түтесі шыққан, атасынан мұраға қалған, уағыз кітабын шығарды. Ақыр аяғында, бала мұқият оралған кітапты суырып, аң-таң қалған Мартынкоға: — Бұл Қасиетті Жазу, Кieleлі кітап, — деді. — Мұнда Құдай туралы жазылған ба? — Ең басынан бастап, бәрі тек Құдай туралы айтылған. Мұнда Құдайдың алты күнде дүниені қалай жаратқаны айтылады; бірақ менің қасиетті тарихымда да бұл жөнінде жазылған, тек онда тағы да суреттер бар.

Балалар суретті қарауға кірісті. Яшко әрқайсысын түсіндірді.

Мартынкоға Яшконың әңгімелері ұнап қалды. Ол оны таңертенге дейін тыңдауға дайын еді. — Сейтіп, осының бәрін сендерге мектепте айтты ма? — деп таңқала сұрады ол. — Көбін мектепте үйретті. Көпшілігін әлі бала кезімде анашым әңгімелеп берді, ал қазір бәрін өзім оқимын.

Яшко оқи бастады, ол сегіз жасқа енді ғана толғанымен, мұлде жатық оқи алатын.

Мартынко мұндана түсті. Өзінің қамқоршыларының мұны мектепке жібермей, қашшалық әділетсіздік жасағанын ол енді ғана түсінді. «Егер мен мектепте оқыған болсам, — деп ойлады ол, — онда мен де Яшко сияқты оқи білген болар едім. Бұл кітаптың менің үйімде болғаны және тіпті оны маған оқып беретін адамның болғаны қандай жақсы!»

Ескі әдеті бойынша Мартынко үйде бас киіммен отырды, бірақ Яшко «Қасиетті жазудың» тақырыбын оқып шығысымен-ақ дереу басынан кепкассын шешіп алды. Сөйтіп, осы кезден бастап, қасиетті кітап жазған бұл бөлмеде оны ешқашан киген жоқ. Мұны ол мына себептен жасады: старостанын әйелі бала кезінен бастап, оған сыпайылық үшін, басқалардың алдында бас киімін шешуде үйретті, ал Құдай жөнінде әңгімелейтін Құдайлыш тегі бар Киелі кітапқа оның пікірі бойынша, одан әрі құрмет көрсетілуі тиісті еді.

Балалар жан-тәнімен үғысып тұрды. Бірбірінің көздеріне қарап, көңілді мылжындастып, олар өрістен үйге оралатын. Әйелдер де оларға қарап, шын жүректерімен қуанды. Оларға балалар аянышты бола түсті. — Қанекей, — деді көпшілігі, — балаларға көбірек наң, көкөніс пен сорпа жіберіп тұрайық. — Бұдан біз кедейлене қоймаспсыз, — деп қосып қойды старостаның әйелі, ессесіне балалар ашықпайтын болады.

Айтылды, бітті!

«Байғұстар», — балаларды бүкіл деревня дерлік осылай атады. Бірақ бүкіл деревняда олардан бақытты ешкім жоқ екеніне олар құдіктенбеді.

Мартынко әр ертеңгілікте өз жолдасын қуанышпен оятатын. Содан соң олар екеуі қосарласа, ең жақын бұлаққа жуынуға баратын. Содан соң таранып, киініп, сиынуға кірісетін. Яшко

«Біздің Иемізді» дауыстап оқиды, ал Мартынко оған ілесе дұғалық сөзді сыйырлай қайталайды. Бұдан кейін олар түйіншекке әліппені, қасиетті тарихты, бәкі пышақты және шыбыққа арналған жіпті байлайды. Мартынко қолына бақташынын кернейін алып, Яшко Бундаштың шынжырын ағытады да, олар табынның басында жүріп, деревнядан орманға қарай қөнілді түрде аттанып кетеді.

Табынды өріске айдалап, Мартынко, Яшко және Бундаш таңертенгі асқа отырады. Ертеңгі астан кейін Яшко Киелі кітап әңгімелерін оқиды, ал оқып болған соң Мартынкоға әліппеден жаңа әріптерді жаттауға тапсырма береді. Өзі болса, бұл кезде табынды бағуға аттанады, немесе себет пен сыпыртқы үшін шыбық кеседі. Мартынконың қалай жақсы шұғылданатынына Яшко таңқалатын: Яшко келгенге дейін ол берілген сабакты орындаپ қана қоймай, әріптарді буынға да бөліп қояды. Кейде Мартынко: — Мен оқуды үйрену қыын, — деп, үнемі ойлайтынмын, ал енді мұның жай ғана ермек іс екенін көріп тұрмын. Адамдардың әліппені ойладап шығарғаны қандай жақсы болған! Олар әр әріпке сурет салған, сондықтан бұларды есте сақтамаған өте ақымақ болу қарек. Енді маған суретке тек үш рет қарасам болды, әріпті дереу біліп аламын! Иә, бұл әліппемен жазуды да үйренуге болады екен! Қазір көрсем, қайтер еді...

Яшкода қираған ескі қара тақта мен бір кесек

қарындаш тас бар еді. Қөп ойланып тұрмай, ол Мартынконы жазуға үйретуге кірісті.

Әліппені оқып немесе қара тақта алдында тұрып, Мартынко қыста қандай жақсы болатынын ойлайтын: сол кезде ол көбірек оқып үйреніп, өзі де Қасиетті Жазуды оқитын болады. Толғанудың осындағы сәттерінде Мартынко көзін аспанға жібаріп: — Иса Тәңірім, мен Сенен маған мені оқуға үйрететін қайырымды адамды жіберуінді сұрап едім, Сен мені естідің. Саған алғыс айтамын, Тәңірім! — деп үн қататын.

Бірде Яшко шыбық жинап жүріп, мұлде шашаңқы келді. Бала жидекті жерді тауып, үнемі жидек жинап жүрді. Мартынкоға келген соң, ол келесі күні себет алып шығуға рұқсат сұрады, оған жидек жинап, орманшыға апармақ екен. Мартынко оған рұқсат берді. Орманшының үйі Яшконың анасын жақсы білетін, сондықтан Яшко келесі күні онда барғанда орманшы әйелімен бірге қазір баланың қайда және қалай тұрып жатқанын егжей-тегжейлі сұрады. Жидек үшін оған төледі, ал үstemеге бос себетті әр түрлі ырзықпен толтырды. Сонымен бірге, орманшының әйелі Яшкоға сәрсенбі мен сенбі сайын базардан ет әкеліп тұруды тапсырды. Әр келген сайын оған бес тыыннан төлеуге уәде берді.

Осы кезден бастап, Яшко орманшының үйіне деревнядан күн құрғатпай, не ананы, не мынаны әкеліп тұрды. Мартынко оны — орманшыға хат жоқ па? — екен деп почтаны қарauға да жіберіп

тұрды. Ол бірде: хат үзақ уақыт бойы өздеріне келмейді — деп, әйелдердің бір-біріне шағын-ғанын есітіп қалған еді. Біреуі қүйеуінен, екіншісі ұлынан хат күтеді, ал хат болса, апталар бойы не почтада не хат тасушының үйінде жатып қалады. Міне, сондықтан да бала Яшконың, орманшының хатын да қолға алуын үйғарған болатын. Орманшы баланы мұндай тапқырлығы үшін мақтап қойды. Эйелдер мұны білісімен, олар да Яшкодан хат әкеліп тұруды сұрады. Енді Мартынконың Яшкоға өз нанын беруіне тұра келген жоқ. Яшконың өзінің жақсы табыс тапқаны сондай, қысқа да бірдеңе сақтап қоюға құлық ойлады. Кейбір үй қожасының эйелі жұмысы үшін жұмыртқа берсе, екіншісі картоп және сәбіз, үшіншісі шалқанмен төлем жасады; осының бәрінен дұрысы-балаларға таудан алма мен алмұрт жинауға рұқсат бергендері еді, мұнда биылғы жылы өнім бітік болатын. Оларға өздері қанша көтерсе, сонша жинап алуға рұқсат берілді. Жинап алғандарын балалар қысқа ұқыпты түрде сақтап қойды.

Жексенбі күндері Мартынко Яшконы орманға өзімен бірге алып жүрмейтін. Ол оған: — Шіркеуге бар. Маған әңгімелеп беру үшін бар да, пастордың не айтқанын есіңе жақсы сақтап ал! — дейтін.

Жексенбі күндерінің бірінді Мартынко үйге әдеттегіден кеш оралды. Ұмырт түскен еді. Қек жүзінде айдың әлсіз орағы көрінді. Мартын-

коның малды орман жынысынан шығаруы-ақ мұң екен, кенет жерде қолдарын жайып жіберіп, ыңырып жатқан адам оның көзіне шалынғандай болда. Балаға қорқынышты бола бастады, бірақ ол жақындаған кезде, жерден бір бөлік ағашты көрді: айдаң жарығының шашыраңқы сәулесі дәл сол ағашқа түсіп, оған ғажайып тұр берген, ал орманнан ауа арқылы аянышты ыңырсу естіліп тұрды. Мартынко ағаш бөлігінің жанында тоқтап тұрып: «Өлім алдындағы торығудан қалжыраған Құдай Ұлы Гефсиман бағында осылай жатты. Ол ыңырып жылады, содан соң мені Өз өлімімен өтеу үшін, өлімге душар болды», — деп ойлады.

Баланың жүргегі қамығудан шаншып кетті. Нақ үйге дейін ол жылап: «Жуырда, Тәңірім, Сен мені Өзіңде аласың ба? Мен Сенің сондай көргім келеді, Иса Тәңірім! Мен Сенің алдында тізерлей құлап, барлығы үшін саған алғыс айттар едім», — деп сиынды.

Қыс түсті. Қатындар малдарын мал қораға қамады. Жас бақташы үшін олар жаңа киім тігіп берді, оны киіндіргені сондай, күліп: — Иә, Мартынко, енді сенің үйленетің шағың келді! — дейтін.

Бірақ бала өзінше шешті, ол Яшкомен мектепке барып, сонда кішкентай балалармен бірге сауатын аша бастады. Деревняда оған таңқалмай тұра алмады. Барлық жерде Мартынконы айтып, әрқайсысы оны өзінше келеке етті.

Рас, Мартынко бірден мектепке қабылданған жоқ. Мұғалімнің ұзақ уақыт бойы оны қабылдағысы келмеді. Ол балалар тарапынан болатын мазақтан қорықты. Бірақ Мартынкодан емтихан алып, оның едәуір тез оқып, тіпті аздал жаза алатынын көрген мұғалім оған мектепке келуге рұқсат етті. Көп кішікпей-ақ ол Мартынконы мақтамай тұра алмады. Оның бұрын-соңды мұндаі қабілетті оқушысы болмаған еді. Шамалы уақыт өткен соң ол Мартынконы өзіне жақын отырғызды, ал қыс аяғына қарай Мартынко енді дүғалар мен Киелі кітап тарихын жатқа оқи біletіn шәкірттермен бірге отырды.

Мұғалім өз шәкірттеріне жиі-жиі: — Егер бәрің де Мартынко сияқты оқи алатын болсаңдар, мен қандай қуанар едім! — дейтін.

Бұл жылды Мартынко көктемді қөбінесе мектепке бола, сол сияқты көктемде, өзіне енді шіркеуге баруға тұра келмейтіндіктен асыға күткен жоқ. Құзде ол бірінші рет шіркеуге барғанда оның көзі жайнап кетті. Бұл ұлken мереке еді. Барлық шырақтар жағылған, орган ойнап, ән естіліп тұрды. Дін қызыметкери уағыз айтты. Мартынкоға өзі жерде емес, аспанда жүрген сияқты көрінді. Ол ойға шомып, өзінше: «Иә, бұл Құдай ғибадатханасы, бұл Құдай үй!» — деді.

Содан бастап, ол бірде-бір жексенбіні жіберген жоқ. Хордағы балаларға ол барған жоқ. Олардың қызымет кезінде өздерін қалай болса солай ұстап, бір — бірімен мылжыңдасатыны

баланы қүйзелтетін. Мартынко есіктің жанындағы ең артқы отырғышта отырғанды дұрыс көретін. Бұл жерде ешкім оның тынышын алмайтын. Бұл жерден ол дін қызметкерінің не айтқанын, Құдайға сиынғанын тыңдай алатын. Таныс жырларды шырқауға ешкім кедіргі келтірмейтін. Көп кешікпей ол дұғалық бойынша ән шырқауды үйренді, оның үстіне, Мартынко ән салса болды, шаруалардың бәрі ол жаққа бұрылып қарайтын: оның дауысы сондай таза және шабытты шығатын. Оның дұғасының тікелей Құдайға жетіп, шын жүректен барынша айтылғаны сезілетін.

Көктем келді.

Шаруалар бұған қуанды. Малды енді азықтандыруға тура келмейтін, олар өзіне азықты өрістен табады, оның үстіне, шөп те болар болмас қана қалған. Мартынконы өзінің тағы да сүйікті шалғаны мен орманын көретіні қуантты. Бір ғана жағдай оны мазасыздандырыды: Яшкоға не болар екен? Мартынко оны емтиханға дейін мектептен алғысы келмеді, бірақ баланы кім тамақтандырады? Мартынконың өзіне күн ұзағына өрісте болуға тура келеді. Бірде түскі астан соң, өзінің үйшігінің алдында тұрып, Мартынко: «Тәнірдің бүкіл мұз бен қарды жойып жібергені таңқаларлық! Жуырда ғана бұл жерде құртік қар жатыр еді, ал енді көк шөп қылтиып қалды. Екі апта бұрын ғана балалар сырғанақ теуіп жүретін, ал енді мәшік пен доп ойнауға кіріс-

кен», — деп ойлады. Осы кездे оған старостаның әйелі келді. — Жарайсың, Мартынко! — деді ол балаға қарап. — Яшко қыста сенің үйінде жақсы тұрды. Оның анасы сен үшін ана дүниеде Тәңір Құдайға сиынады. Әсіресе, ол өзінің ұлының мектепке барып жүргеніне қуанатын шығар. Міне, сондықтан біз оны емтиханға дейін мектепте қалдыруға үйіардық. Біз оны тамақтандыруды қолға алуға үйіардық. Ол бір апта менде, содан соң диірменшінің әйелінде, одан кейін орманшының үйінде тамақтанады.

Мұны естіген Мартынко старостаның әйеліне не деп алғыс айтарын білмеді. Яшко жайындағы қам оның иығынан ауыр тас сияқты түсіп қалғандай болды. Бұл күні одан бақытты жанды табу қыын еді.

Дүйсенбі күні таңертең Яшко Мартынкоға мал айдауға көмектесіп, оны нақ орманға дейін шығарып салды. Содан соң мектепке жүгіре жөнелді. Мартынко оның соңынан ұзақ қарап қелды. Тұсте Яшко тамақ ішуге жүгіріп келді. Диірменшінің әйелі оған тамақ берді. Яшко ашығып қалған еді, сондықтан үлкен сүйсіну-шілікпен жеді.

Шаруа әйелдері сөздерінде тұрды. Олар балалы дәл емтиханның өзіне дейін тамақтындырыды. — Иә, Мартынко, саған өрісте Яшкосыз көнілсіз шығар? — деп сұрады әйелдер одан.

Бірақ Мартынкоға зерігүге уақыт жоқ еді. Оған малдың қамын ойлау керек еді, ал бос

уақыт болған кезде өзінің Інжілін шығарып, оқуға берілетін. Оған екі аятты оқып шығудың сирек сәті түсетін. Яшко сияқты ол жеңіл оқи алмайтын, бірақ оның есесіне, ол оқиғаның төңірегінде көп толғанып, әр күн сайын бір жаңалық білетін. Бірде, ол Мәсіхтің мал қорада туғанын оқыды, өйткені ол үшін басқа жай табылмады. Бұл сөздер Мартынконы терең толғантты. Ол старостаның әйелінің үйінде өмір сүрген, сөйтіп, сиырлармен бірге мал қорада түнеп жүрген уақытты есіне алды, сондықтан бесік орнына мал қорадағы ақырда жатқан Құдай Ұлын ойға түсіру оған ауыр соқты.

Басқа бір ретте Мартынко он екі жасқа жеткен соң, Мәсіхтің Назареттен Құдыштағы ғибадатханаға барғанын оқиды, өйткені Назаретте шіркеу жоқ еді. Сол жерде Ол жүрттың арасында жоғалып кетеді де, анасы тұтас үш күн бойы Оны мұқият іздейді. Ақыр аяғында, Құдай Анасы Оны ғибадатханада іздегенін оқып шыққанда, ол қалай қуанды десенші! «Ең басынан бастап, сонда бару керек еді, өйткені Оның тек ғибадатханада болуы тиіс екенін олар білуі керек еді рой», — деп ойлады Мартынко.

Мәсіхтің Құдышқа жасаған осы бір сапарын бала әлденеше рет есіне түсірді. Ол, шамасы, дала арқылы жүрген, эрине, жол бойында дала гүлдерін жинаған, ал орманның ішінде ағаштардың көлеңкесінде демалған.

Рашовоға баратын жолда Оның кетіп бара

жатқанын көріп тұргандай Мартынко Мәсіхті өз көз алдына соншалық айқын елестетті.

Мартынко бірдеңемен айналыспаған бірде-бір минут болмайтын. Кейде ол ән шырқайды, ал жаңғырық оның күмістей сыңғырлаған таза дауысын қайталайды.

«Естіші мені, Тәңірім, Құдайым, Өзіңнен табамын тыныштық ұдайы!» — деген оның әні қатты естілді.

Жаңғырық бұл сөздерді іліп алғып, Мәсіх мұны жақсы естуі үшін дала мен таулар арқылы алысқа жеткізгендей әсер қалдырыды. Бірде өз әнін аяқтап, Мартынко былай деп қатты айқайлады: — Иса Мәсіх Тәңірім, мен енді Сенің қайда екенінді білемін, бірақ менің Саған әлі де қарағым келеді! Сенің екінші рет келетінінді мен білемін, бірақ бұл қашан — кешке немесе таңертең бола ма? — Таңертең, — деп қайталады жаңғырық орманды аралап. — Таңертең, — деп тағы да естілді.

Мартын жымыып, тағы да сұрады: — Тәңірім, Сен келетін шығарсың, бәлкім? — Бәлкім, — деп қайталады жаңғырық.

Бұл жылды, Мартынко жексенбі күні себет тоқуды қойды. Ол былай деп пайымдады: «Мен мал бағуға тиістімін. Бұл шаруаларға да, малдың өзі үшін де керек; себетті мен өз еркіммен тоқымын, ал Тәңірім жексенбіде өзім үшін жұмыс істеуді қолдамайды. Олай болса, егер мен шіркеуге бара алмайтын болсам, Оның қасиетті

мерекесін мен мұнда, орманда сақтауға тиістімін фой». Сөйтіп, Мартынко бұрынғысынша жексенбіде өзінің жақсы жейдесін киіп жүрді. Қабіршінің әйелі оны көріп, бұл үшін ескеरту жасады. — Апатай, өйткені бүтін орманда да мереке фой! — деп, Мартынко оған жауап берді. — Солайы солай фой, бірақ сені онда ешкім көрмейді де. — Мені Тәңірім көреді, апатайым. Тәңірім Өзінің қасиетті күнін сақтауды бұйырған. Оның алдында мен лас киіммен жүре алмаймын фой.

Әйел іштей баламен келісті.

Мерекеде әйелдің ойына бұл сөз сан рет келді, сондықтан ол лас алжапқышын тастап, тазасын киіп алатын.

Деревняда орманшының әйелі қайтыс болды. Әлер алдында ол Мартынкоға жұн орамалын беруді өсиет етті. Орамал жаңа емес еді, бірақ балаға ондағы сурет ұнайтын: орамалда жарық далада шашылып жатқан раушан гүлі мен басқа да гүлдер бейнеленген еді. Мартынко орамалды өзімен бірге орманға ала кетіп, оны тасқа жаятын да, үстіне өзінің Інжілін қоятын. Мұлде нақ мезбақтағыдай болып шығатын. Осы мезбақтың жанында ол оқып, сиынып, қасиетті әндерді шырқайтын. Ол әр жексенбідегі ертеңгілікті осылай өткізіп жүрді. Талтүсте, оған Яшко келді.

Яшко емтиханын тапсырды, сөйтіп, балалар бұрынғысынша тұра берді. Олар сыпыртқыға арналған шыбықты бірге кесіп, одан соң Мартынко себет тоқитын, ал Яшко жидек немесе

саңырауқұлақ жинап, оларды сатуға алып кететін. Оның үстіне, Яшко бір жер өлшеушіге жұмыс кезінде сайманын көтеріп жүргуге екі аптаға жалданды.

Яшко ақысына екі су жаңа гульден алды. Балалар оны басқа қаржыларымен бірге тығып қойды. Бұл ақшаға кейін олар Яшкоға арнап, жаңа қиім сатып алды, әрі оның көне етігін жамап-жөндеуге берді.

Олардың қуанышында шек болмады. Оларға қарап, басқалар да қуанды. Бундаш Яшконың жанында оны иіскеп, сүйкеніп жүрді, Яшко нақ бір сұлы жігіт құсап көрініп жаңа киімде оны тану қыын еді.

Бірақ егер бар нәрсенің бәрінен өздері бастарта отырып, жасөспірімдер ептең киінсе де, олар үйшігіне мұны жасай алмады. Ол күннен күнгө тозығы жете берді. Бірде балалар орманда жүргенде олардың үйінде сылақтың үлкен бір бөлігі құлап тұсті. Қайтып келген олар үйге зорға кірді. Шаруалар оларды басып қалмау үшін, балаларға жөндеу жұмысын жасап болғанша үйде тұнemeуге кеңес берді, сөйтіп, олар Бундашпен бірге сарайда тұнегуге мәжбір болды.

Жаз жауынды болып, Мартынкоға көп әбігер туғызды. Ол малдың сулы шөпті көп жеп, сонымен бірге аш қалмауын да бақылауы керек еді. Сондай-ақ бұл жылы табында үнемі әр жаққа тым-тырақай қашып кететін қойлар да көп болды. Яшконың жақсы санай алатыны оңды бол-

ды, әйтпесе олар, бәлкім, қойлардың бір бөлігін орманда әлденеше рет қалдырған болар еді.

Бірде, кешкілікте шаруалар Яшконы бір жақ-қа тапсырмамен жіберді, сөйтіп, Мартынконың жалғыз өзіне малды жинауға тұра келді. Ол өз қойларын үш рет қатарынан санады. Неліктен оған тек бұл күні мал бағу қиын болды екен? Ол малдың соңынан жұтіріп, әбден қиналды, тіпті Інжілдің екі аятын да оқи алмады. Сол кезде ол: «Адам Ұлы жоғалғандарды іздеп, құтқаруға келді» (Мат. 18:11), — деп өткенде оқығанын есіне түсірді.

«Кімдерді іздеу — адамдарды ма? — деп сұрады Мартынко өз-өзінен. — Егер маған біреуміреу осыны түсіндіре алса ғой!» Бүкіл жол бойында ол осы сөздер төңірегінде толғанумен болды. Міне, деревня да көрінді. Эйелдер оған, арқайсысы өз сиырын немесе өз қойын алуға қарсы келе жатыр. Табында диірменшінің эйелінің қойы жоқ болып шықты. — Ашық ауыз неме! — деп тиісті оған дoldанған эйел, сөйтіп, баланы балағаттай бастады. — Сенің баланды тамақтандырғаныма осылай алғыс айтады екенсің ғой! Бұлардың онда не сітейтінін Құдай білсін, ал менің осының бәріне шыдауым керек!

Сөйтіп, тағы да балағат сөздер тасқыны ақтарылды. Мартынко есендіреп қалды. Диірменшінің эйелінің ашуланғанын көру оған ауыр еді, қойдың жоғалғанына күйініп отыр. Ол жерде байғұс қой жалғыз не істеп жүр екен?

Кенет ол орнынан атып тұрды да, орманға қарай жүгіре жөнелді. Аспанда толық ай нұрын төгіп, балаға тілеуlestікпен қарады: «Мазасызданба, Мартынко, мен саған көмектесемін!» — деп айтып тұрган сияқты.

Күшті күйзелістен Мартын шаршағанын сезінуден қалды. Құндіз мал жайылған жерге ол сол бетімен келді. Үстінің бәрі су болған Мартынко сәл тынығу үшін жерге жата қалды, содан соң атып тұрып, тағы да қойды іздең, шақыруға кірісті. — Ақала, Ақала, мұнда кел, мұнда!

Ол қойды ұзақ шақырды, бірақ ешбір жауап болмады. Кенет әлдеқайдан алыстан оған аянышты маңыраған үн естілді. — Ақала, Ақала! — деп қуана үн қатты да, Мартынко бар пәрменімен тікенді бұталардің үстімен, орманың ең бір жынысына қарай, тас, түбіртектер арқылы секіріп, бұталарға аяғы шалынып, ағаштардың түбірлеріне сүріне-мүріне жүгіре жөнелді. Бұтақтарға жейдесі ілініп, әлденеше рет құлап та қалды, аяқтарын ауырта жарақаттады, бірақ дегенмен де іздеуді жалғастыра берді. Ақыр аяғында, Мартынко аянышты маңыраған дыбыс шығып жатқан жерге жетті. Бірақ оны осындей қарандырылғанда, ну жыныстан қалай таппақ? Осы сәтті ай терең шұңқырға жарығын түсірді; оның түбінен ақ бірденені Мартынконың көзі шалып қалды. Сол кезде маңыраған таныс үн естілді. Бұл жүні тікенекті бұталарға ілініп қалған оның қойы еді. Қой

шұңқырдан шықпақ түгіл, тіпті аяғымен тұра алатындақ да күйде емес екен.

Осы сәтті Мартынко кенет Інжілдегі: «Адам Ұлы жоғалғандарды іздең, құтқаруға келді» (Мат. 18:11), — деген сөздерді есіне алды. Бұл нақылды ол енді түсінді. Күнәлі, қаранғы адамдар қалай өлетін болса, қойға да мұның көмегінсіз, сыбағасына өлу жазылған. Тікенді бұтақ қойды қалай ұстап жібермесе, адамды да өзі жасаған күнә көкке жібермейді.

Сөйтіп, Иса Тәңір келді де, күнәкарларды шақыра бастады. Кейбір қойлар Оның шақыруына жауап берді, сонда Ол оларды тартып шығарып, Θәіне алып кетті. «Дәл Оның мені тапқаны сияқты», — деп ойлады Мартынко. Енді бала нақылды дұрыс түсінгеніне сенген еді. Ол қойға тік жар құламамен түсे бастады. Аяғымен ұлken тасқа сүйеніп, ол кенет тастың қозғала бастағанын сезді. «Егер төмен домалап кетсе, тастың қойды өлтіруі мүмкін», — деп ойлады Мартынко жартасты қолымен жабыса ұстап, бірақ оң қолымен сүйеніп тұрган екінші жартас қозғалып кетті: Сөйтіп, қойды өлтіріп алмауды ұнемі ойлаған Мартынко қолын босатты да, тас төменге гұрс етіп құлады. Бір сәтке оның құлағы шуылдап кетті. Көзінің алды қарауытты. Бір жерде алыстан қоңырау сыңғыры естілгендей болды да, бала есінен танып қалды. Оның қаншама жатқаны белгісіз еді.

Кенет ол өз бетіне тиген жылы бірденені

сезінді де, әдеттөн тыс аянышты үнді естіді. Ол өз жанында Бундаштың іске кірісіп жатқанын түсінді. Содан соң оған тағы да бір дыбыс естілді. Мартынко көзін қыындықпен ашып, жан-жағына қарай бастады. «Мен қайда жатырмын?» — деп ойлады ол.

Оның алдында Бундаш тұр. Жанындағы бұттада қой жатыр. Аспанда жұлдыздар сөніп, таң да білінді, ал жоғарыда құламаның үстінде Яшко жылап тұр екен. Мартынко өзіне не болғанының бәрін есіне түсірді. «Мен тік жардан құладым, — деп пайымдады ол, — ал егер мен өліп қалған болсам, менің өлімім Мәсіхтің өліміне ұқсаған болар еді. Ол да қойларды ізден тапты, бірақ бұл Оның өміріне тең болды. Менің есімді жинағанымдай, Ол да өлгеннен кейін үшінші күні тірілді, қазір мен мына қойды қалай құтқаратын болсам, Ол да Өз қойларын опат болудан солай құтқара алады.»

Мартынконың әлсіздігін сезінгені сондай, егер Яшконың еңірегені болмаса, ол тағы да бар ынтасымен үйіктап кеткен болар еді. Ол үлкен қыындықпен тұрып, қойды ұстады да, адам айтқысыз күш жігер жұмсап, жоғары өрмелей бастады. Яшко оған өзінің онсыз қалай үйіктай алмағанын, содан соң Бундашпен бірге оны қалай іздеуге шыққанын әңгімелеп берді. Сөйтіп, Бундаш оны тауып алды.

Мартынко деревняға қыындықпен жетті. Ол ешбір тамақ жеген жоқ. Жоғалған қойды іздеу

оның соңғы құшін сарқып кетті. Ақыр соңында, ол құламадан құлап, сол жердегі су шөптің үстінде дәл таңертеңге дейін жатты.

Аяғын зорға сүйретіп, үйге келе жатып, ол өз қойын көргенде диірменшінің әйелінің қалай қуанатынын ойлады. Осының өзі оған құш берді. Бірақ диірменшінің әйелі оған алғыс айтуды да ойлаған жоқ. Оның орнына ол балаға тағы ұрысты. Бұған басқа әйелдер де қосылып, оның осыншама кеш келгені үшін ескерту жасады. Олар балаға тұс-тұстан ұрысып, оны мұлде ренжітті. Мартынкоға орманнан деревняға дейінгі жол ауыр көрініп еді, бірақ кейін қарай орманға қайту бұдан жүз есе ауыр соқты. Ол Яшкоға Бундашпен бірге мал баққызды да, өзі жартастың үстіне жатып қалды. Егер диірменшінің әйелі оның мұнды жүзін қазір көрсе, онда, бәлкім, оны сөккеніне өкінер еді. Эйел онда мұны — деревняға масыл болып отыр, — деп айтпаған болар еді.

Яшко Мартынконың көнілін көтеруге бекер әуреленді. Ештеңде де көмектеспеді. Мартынконың ән айтуға да, Яшконы тыңдауға да, оқығаны туралы әңгімелесуге де құші жоқ еді.

Осылай үш күн өтті.

Жексенбі күні Яшкодан ол өзімен бірге жайылымға баруды сұрады. Олар Інжілді, оқыды сенбіде бір адамды емдегені үшін Мәсіхті таспен ұрмақшы болған еврейлер туралы оқиғаны оқыды. Мартынко ауыр күрсініп былай де-

ді: — Тәңірім, Сен адамды өлімнен құтқармақшы болғаның үшін Сені өлтірмекші болды. Ал мені қойды құтқарғаным үшін бар болғаны сөкті де қойды, ал мен болсам осыны кешіргім келмейді. Сен оларды қалай кешірген болсаң, дірмешінің әйелін де мен солай кешіремін!

Ол өз қайғысына жылап алған соң тағы да бұрынғы шаруақор малшыға айналды. Ол тағы да Яшкомен шын жүректен әңгімелесіп, жүргіншілермен жайдары сәлемдесіп, бұрынғысынша оларға көнілді тұрде күліп қойды.

Бір ғана өзгеріс байқалды: ол ағашқа енді шыға алмайтын болды. Жартаста үлкен қындықпен еңбектейтін және табынмен жайылымға жеткенше жол бойында үш мәрте дем алатын. Ол мұлде ештеңе жемеді әрі күшті шөлдеуге ұшырады. Оның көздері мазасыздана жалтажұлт етіп, ал жүзі ол ешқашан да күн көрмегендей құп-қу болып тұрды.

Бұл жылды малды жайылымда бағу әдеттегіден ерте аяқталып, Яшко бұған өте қуанды. — Біз енді тағы да мектепке бірге бара аламыз, мұғалім бізге қатар отыруға рұқсат береді, өйткені сен мені қуып жеттің, деді ол Мартынкоға.

Міне, балалар табынды соңғы рет өріске айдаған күн де келді. Кешкілік қайтар кезде Яшко табынды жинай бастады. Мартынко сәтінде тағы да бір рет жартасқа шықпақшы болды, онда ол әлденеше рет отырып, дүние үнемі болған ба, ал егер болмаған болса, оны кім

жаратты. Тәңір қайда мекендейді және адамдарды өлген соң оларды қайда алады? — деп жиі ойға шоматын.

Бірақ бұл кеште ол өзіне мұндай сұрақтар қойған жоқ. Егер көктегі Тәңірге қызмет еткің келсе, Оған қызметті жер бетінде бастау керек екенін Мартынко енді білетін. Оның өзіне осының бәрін мәлім еткені үшін, бала Тәңірге бүкіл жүргегімен алғыс айтуға дайын еді.

Мартынко маңайындағы табиғатқа қарап, онымен сүйсініп отырды. Үйленер алдындағы жасауын киген қалыңдық құсап, аңғар тұманға оранып жатыр. Құн ағаштардың басын нұрландырып, Мартынкоға қоштасу ырымын жіберіп тұрды. Енді ол сонау көктемге дейін бұл жерлерді көрмейді. Сары, қызыл, алтын түстес әр түрлі жапырақтар жер бетін жауып қалған. Орман өзінше жерлеу әнін айтқандай мұнды тұрде шуылдайды. Әрбір жапырақ: — Қош бол, қош бол, Мартынко! Біз сені енді көрмейміз! — деп шақырып тұргандай.

Мартынко кенет жылап жіберді. Ол алдында жатқан бүкіл дүниені құшағына алғысы келгендей өз құшағын айқара ашты. — Қош бол, — деді ол көзінде жас толы.

Мартынко жартастан түсіп, табынға кетті. Өз табынымен деревняға қайтып келе жатып, ол артына әлі де үзақ қарай берді.

Олар үйге келді. Старостаның әйелі оларға нанның үлкен бөлігін кесіп берді, бірақ Мар-

тынко оған қол тигізген жоқ. Ол Яшкодан өзіне болашақ мәңгілік өмір туралы Інжілден оқып беруді сұрады.

Інжілді оқып болған соң олар тағы да Құдайға сиынып, үйіқтауға кетті. Мартынко қалғуға кірісті. Далада күн өте сұық. Соңғы гүлдер де, бәлкім, осы түні үсіп кетер. Ай терезе арқылы үйіқтап жатқан балаларға нұрын түсіріп тұр. Аспанда айдың маңында беттегі ірі көз жасы сияқты ірі жұлдыздар жымындаиды.

Кенет Мартынко оянып кетті. Ол өте тоңып жатыр екен. Балалар бір көрпені жамылып, қатар жатыр. Үйіқтап жатқан Яшқо жөтеліп қояды. «Байғұс, ол да тоңып қалды, — деп ойлады Мартынко. — Көрпе тым кішкентай, ол екеумізді жылыта алмайды. Онымен Яшконың жалғыз өзін жауып қойғаным дұрыс болар. Ал өзім көрпесіз-ақ бірдеңе кылармын».

Мартынко өз жолдасын қымтап қойды. Ал, өзі жаман-жәутік шапанының астында бүрісіп жатты. Оның мұлде жылуы жоқ еді. Суықтың одан өтіп кеткені сондай; тістері сақылдай бастады. Мартынко бүкіл денесінің қалтырап жатқанын азапты тұрде сезінді. Қолдары мен аяқтары мұздады, бүйірі, қеудесі мен арқасы сіресіп қалды. Не істеу керек? Қалай сәл жылыну керек? — Мені қалдырма, Иса Тәңірім, — деп жалбарынды Мартынко. — Халім сондай нашар.

Оның осы сөздерді айтуы мұң екен, кенет

жағымды жылу бүкіл денесіне тараў тұсті. Оның қызыы өте күшті көтерілді. Ол көзін жұмды да, дереу үйиқтап кетті.

Бұл кешкі он бірдің кезі еді. Тұнгі күзетте тұрган қабірші адамдардың сағатты білуі үшін, өз кернейін әлгінде ғана тартып, сәл мызғып алу үшін үйіне кеткен болатын. Балалардың үйшігі жанынан өтіп бара жатып, бұрында жиі істегеніндей, үйиқтап жатқандарды қарап кету үшін, соғып шығуға үйіфарды. Ол осындай кеш кезде сан рет кіріп, балалардың бір төсекте тәтті үйқыда қалай үйиқтап жатқанын: бір-біріне жабысып, түсінде жыミғандарын көріп, үнемі сүйсініп кететін еді.

Бұл жолы айдың әлсіз жарығынан қабірші әдеттен тыс көріністі көрді: жалғыз Яшко ғана басына дейін көрпеге ұқыпты ораныпты, Мартынко болса біршама алыста, ескі шапанның астында бір уыс болып бүрісіп жатыр. Оның бүкіл денесі күйіп жануда, ал оның үлкен көздері аспандағы жұлдыздар сияқты жалт-жұлт етеді. — Сен үйиқтап жатқан жоқсың ба, Мартынко? — деп сұрады одан қабірші. — Сендер бүгін қалай жатқансыңдар: ол көрпенің бәрін алышты, ал сен ашық жатырсың?

Балақай тек жымиып қойды. Осы сәтте Мартынконың жүзіндегі білінген ғажайып көріністі, кейіннен қабірші көпке дейін ұмыта алмай жүрді. Ол өзінің шапанын шешті де, баланы онымен қымтап қойды. — Саған не болды Мар-

тынко, неліктен маған жауап бермейсің? Шынымен мені танымай жатырсың ба? — Қөп кешікпей Ол келеді, мен Оны құтудемін, — деді бала сандырақтай аласұрып. — Ол маған келеді. Мен Оған сумен жүзіп бара жатырмын, маған қазір қорқынышты емес. — Мартынко, ояншы! Сен не айтып жатырсың? Қабіршінің көзіне жас келді. Бірақ Мартынко ештеңені түсінген жоқ. Қабірші әйеліне жүтіріп кетті де, екеуі оны өздеріне алып барды. Уақыттың кеш екеніне қарамастан, басқа әйелдер де келді. Қабірші олардың үйінен өтіп бара жатып, терезелерін қағып, тезірек өзіне келулерін айқайлай айтып, — Мартынкоға бірдене болып қалды, — деді.

Бала ешкімді де танымады және оның төсегінің қасында ормандағы сияқты еніреп жылап тұрган Яшкоға да ешбір назар аудармады. Мартынкоға жақындауға ыңғайлыш болу үшін оны кереуеттен күшпен сүйреп жерге түсірді.

Әйелдер Мартынкоға қолдарынан келген емін істеді. — Егер ол тәуір болмаса, онда дәрігерді шақырамыз, — деді диірменшінің әйелі.

Оған қандай бір шөп тұнбасын бергеннен кейін, бала өзіне келіп, маңайындағыларды көзімен шолды. — Бәрі үшін сіздерге алғыс айтамын! — деп үн қатты ол ақырын, үзік-үзік дауыстап. — Бір нәрсе жақсы емес: жер бетінде мен Құдайсыз өмір сүрдім, ал сіздер маған Ол туралы ештеңе айтпадыңыздар... Ал мен сияқты

қаншама балалар Құдайсыз өмір сүруде? Оларды ешкім де оқытып, үйретпейді. Иә, оның үстіне, өздерініз Құдайсыз... қалай болса, солай өмір сүресіздер, — деп мұндана жалғастырды сөзін ауру. — Мен өлген кезде маған өткелден өтуге ақша берменіздер... Мәсіх мені тегін өткізеді... Мен сіздерге елес құсап келсем, қорықпаңыздар... Мен ешқашан да қелмеймін... иә, мен келе алмаймын... бұл өте алыс...

Әйелдер демдерін ішіне алып, Мартынконы тыңдады. Олар оның дәл Інжілдегідей қалай жақсы сөйлейтініне таңқалды. — Корықпа, Мартынко, сен өлмейсің! — деп оны сергітuge тырысты қабірші. — Сен көп кешікпей сауығып, тағы да біздің табынды бағасың. — Біз саған жаңа киім тігіп береміз, — деп уәде берді оған шаруа әйелдері, — саған көмекші болуы үшін Яшконы да киіндіріп бағамыз. — Қысты сендер менде өткізесіңдер, — деді диірменшінің әйелі, — ал көктемде біз сендердің үйлерінді жөндейміз, немесе жаңа үй салып береміз. — Мен үшін енді үй дайын... Сіздердің қайырымдылықтарыңыз үшін алғыс айтамын... мархабат, мені жоғарырақ көтерініздерші.

Әйелдер баланы көтеріп, оны жастықтың үстіне жайғастырды. — Ол қазір үйшіктайды, — деді қабіршінің әйелі.

Мартынко көзін қыындықпен ашты. Яшко көзінің жасы шұбырып, оған үмтыйлды. — Жарайлды, жылама, — деп жұбата бастады Мар-

тынко жолдасын оның басын ып-ыстық қолымен сипап (екінші қолын бұл кезде Бундаш жалап жатыр еді).

— Менің саған не айтатынымды тыңда: «Өйткені, Құдай дүниені сүйгендігі сондай, әрбір Оған сенуші өлмесін, мәңгілік өмір сұрсін, — деп, Өзінің Жалғыз Ұлын берді...» (Жох. 3:16), сенің де Яшко, өмірің үшін.

Катысып отырғандар Мартынко тағы да бірдене айтпас па еken, — деп бекерге күтті. Ол демін терең алып, ақырын үйиқтап кетті. — Кетейік, — деп кеңес берді қабірші. — Бұл жақсы, ол үйиқтап кетті. Оған жақсы болады!

Жарық түсे бастады. Қабіршінің әйелі баланың үстіне еңкейді. — Көршім, — деді ол диірменшінің әйеліне қарап. — Ол енді дем алмай жатыр...

Иә, жаңғырық шындықты айтқан еken: Мәсіх Мартынкоға ертеңгісін келді. Құн — батар қарсанда онымен бекерге қоштасқан жоқ. Ол енді баланы ешқашан көрмейді!

Он бес жыл бұрын Мартынконың анасын жерлегенде — бай әйел өлді, — деп ойлауға болатын еді, өйткені табыттың артынан көп халық жүріп келді. Бірақ бәрібір, Мартынконың табыттың соңынан ергендерге қараганда аз болды. Мұндай жерлеу Рашоволықтардың ешқайсысының есінде жоқ. Барлық бойжеткендер жасана киініп, қолдарына гүл ұстап алған. Жігіттер табытты көтеріп жүрді. Мұғалім табыттың со-

њынан мектепті ертіп жүрді. Мартынко сияқты мектепті ешкім құрметтеген жоқ. Сондықтан оған өзі өмірінде еңбек сіңірген құрмет көрсетілуі керек қой. Яшко қорамның өзіне дейін жолдасын жалаңбас шығарып барды. Бейітке аса тамаша азагүл қойылды. Лентасы бар басқа бір азагүл айқыш ағашқа ілінді. Мартынконы анасының қатарына жерледі. Қабірші табытты жермен көміп жатып, ешқашан осы жолғыдаï жылап көрмеген еді. — Иә, жер саған аялы бесік болсын, Мартынко! — деді ол көз жасына булығып.

Тағы да көктем келеді. Шалғын мен орман шешек атады да, сол маң Мартынконың өз табынымен келуін күтеді. Бірақ бекерге күтеді, ол енді ешқашан келмейді. Ол жер бетінде өзі арман еткен сол бір алыс өлкеге кетті. Ол Құдайды тапты, ал Құдай оны тапты.

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңізді, әлде сұрақтарыңыз болса, бізге мына адрес бойынша жазыңыз:

480114 Алматы – 114,
а/я 68
«Шығыс сәулесі» баспасы.

КРИСТИНА РОЙ

ҚҰДАЙСЫЗ
ӨМІРДЕ